

Докторант Мурашбеков Олжас Бериковичтің 6D030300 -«Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін ізденуге «Компьютерлік қылмыстарды тергеудің процессуалдық және криминалистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы туралы ресми рецензенттің

СЫН ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Адамның, қоғамның және мемлекеттің күнделікті өмірінің барлық салаларының бөлінбес бөлігі ретінде құрайтын компьютерлік технологиялар қылмыстардың жаңа түрінің пайда болуына себепші болды. Интернет желісінің қол жетімділігі, барлық қаржылық операциялардың компьютерлік ақпарат өңделуімен жүргізілуі қылмыскерлердің интернет желісі арқылы жеке адам өміріне қол сұғу, ақпаратқа заңсыз қол жеткізу, қомақты қаражат ұрлау фактілерінің саны күрт өсіп, шет мемлекеттердің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін құпиялы ақпараттарға қол жеткізіле бастады. Осыған байланысты компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстылықпен күрес халықаралық сипаттағы мәселеге айналып, барлық елдердің құқық қорғау органдарының қызметтері үшін өзекті болып отыр.

Компьютерлік қылмыстармен келтірілетін материалдық залал мен қылмыстар санының динамикалық өсуіне байланысты компьютерлік қылмыстарға қарсы іс-қимылды заманауи талаптарға сай жетілдіру мәселесі өзекті болып табылады.

Ізденуші О.Б.Мұрашбековтың диссертациялық жұмыс қазіргі таңда бүкіл әлем бойынша құқық қорғау органдарының өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын компьютерлік қылмыстарды анықтаудағы, тергеп-тексерудегі мәселелерді толыққанды зерттелген ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыста компьютерлік қылмыстылықтың пайда болу тарихын даму кезеңдерін және оның анықтамасын, компьютерлік ақпараттың түсінігін ашып, талдау жасаған. Компьютерлік қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы мен оның элементтерін ашып көрсеткен.

Ізденуші О.Б.Мурашбеков ҚК 205-бабында көзделген қылмыстық құқықбұзушылықтың формальды құрамына ие болып, ақпаратқа құқыққа сыйымсыз қол жеткізгеннен бастап қылмыс аяқталды деп есептелуі мүмкіндігіне ие болуы және орын алған ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтарды анықтауға, тергеп-тексеруге және қылмыстық заңнаманың тиімді қолданылуы үшін аталған бапты қосымша 1-1 бөлігімен толықтыруды ұсынған. 2016 жылға дейінгі Ақпараттық қауіпсіздік концепциясын жүзеге асыру мақсатында компьютерлік қылмыстардың алдын-алу шараларын жетілдіру мақсатында заңнама тұрғысынан жасаған қылмыс үшін жауаптылықты күшейтуді ұсынып, өзінің диссертациялық жұмысында айқындап берген.

Компьютерлік қылмыстар мен қылмыстылық анықтамасының ғалымдардың пікірлерін талдай келе, ғылыми тұрғыдан түсінігін ұсынған.

Жұмыста берілген тұжырымдардың ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде өзгертулер мен толықтырулар ұсынылып, кейбір

компьютерлік қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жазаны қатаңдату ұсынылған.

Компьютерлік қылмыстардың анықтау мен тергеп-тексеру үшін автормен кешенді түрде ұсынылған тактикалық іс-шаралар ұсынылып, қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы құқық қорғау органдарына әдістемелік нұсқама ретінде берілген.

Сонымен қатар, автор компьютерлік қылмыстарды анықтау қызметінің шет мемлекеттердің тәжірибесінен мысалдар келтірген. Автор компьютерлік қылмыстардың тәжірибеде қолдану мәселелеріне тоқталып, кемшіліктерді көрсете білген. Компьютерлік қылмыстарға қарсы іс-қимылды тиімді жүргізу үшін кешенді тұжырымдар айқындалып, қарсы күресті жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілген.

Сонымен қатар, сын-пікір беріліп отырған О.Б.Мурашбековтың диссертациялық жұмысы компьютерлік қылмыстарды анықтау, тергеп-тексеру мәселелеріне арналған еліміздегі мемлекеттік тілде жазылған алғаш ғылыми жұмыстардың бірі ретінде саналатынын назарға алу қажет.

«Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» 8, 10-баптарының диссертацияға қойылатын талаптарына ғылыми нәтижелердің сай болуы. Ізденуші О.Б.Мурашбеков «Компьютерлік қылмыстарды тергеудің процессуалдық және криминалистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысы 6D030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығына сәйкес жазылған.

Ғылыми диссертацияның аңдатпасы зерттеу жұмысының негізгі мазмұнын толыққанды ашып және жұмыстың құрылымына сәйкес келеді. Сонымен қатар, аңдатпада диссертациялық жұмыспен алынған нәтижелері, қортындылары мен тұжырымдары айғақталған.

Қорыта келгенде, ізденуші О.Б.Мурашбековтың PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Компьютерлік қылмыстарды тергеудің процессуалдық және криминалистикалық аспектілері» атты диссертациялық жұмысын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарына толық жауап беретін, ғылыми-теориялық пікірлері нақты, тұжырымдары мен қортындылары дәлелді, тақырыптық өзектілігі мен мазмұнына сай ғылыми еңбек ретінде бағалап, ізденуші О.Б.Мурашбеков PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ресми рецензент,
Қазақстан Республикасы ІІМ
Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
Қылмыстық процесс және криминалистика
кафедрасының доценты,
заң ғылымдарының кандидаты
доцент**



Р.А.Назмышев